

оқу үдерісінің құрамдас бөлігі болып саналады. Оқу-әдістемелік жұмыс заңнамалық нормалардың, білім берудің жалпыға міндетті стандарттарының, жұмыс берушінің актілерінің, ұжымдық келісімшарттардың және өзге келісімдерінің талаптарын ұстана отырып, жүзеге асырылады. Оқу үдерісін ұйымдастырумен байланысты қызметтің барлық түрлері Қазақстан Республикасының заңнамалық нормаларына негізделген. Бұл мәселеде, жұмыс берушінің актілеріне көп мән беріледі. Жұмыс берушінің актілерінің құқықтық іске асырушы және құқықтық қолдану мәндері бар. Жұмыс беруші актілерінің ұғымы, тәртібі және әзірлеу шарттары мен қабылдау тәртібін ЕК-нің 10,11,12,117,266,270-бб., 1-бабы 1-тармағының 45-тармақшасына сәйкес белгіленеді. Жұмыс берушінің барлық актілері екі санатқа бөлінеді: 1) жұмыс берушінің жеке өзі қабылдайтын; 2) өкілетті органның қызметкерімен келісуі бойынша қабылдайтын актілер. Бұл актілерге сонда-ақ, Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24-наурыздағы «Нормативтік құқықтық актілер туралы» Заңының 2-бабы 4-тармағының 2-тармақшасына сәйкес мемлекеттік ұйымдардың нормативтік актілері жатады. Бұл аспектіде, жоғарыда көрсетілген заңнамалық нормалардан туындай отырып, айта кету керек, оқу орны әкімшілігінің маңызды міндеті - әкімшілік және еңбек-құқықтық процедураларын жасап шығару және басқарушылық шешімдерді қабылдау, тиісінше, білім беру қызметі субъектілерінің өтініштерін қарау болып саналады.

Білім беру министрлігінің 2007 жылғы 29-қарашадағы №583 бұйрығымен бекітілген **Оқу, әдістемелік жұмыстарды ұйымдастыру және жүзеге асыру Ережелеріне** сәйкес, жоғары білім мен білім беру стандарттарының (9-т,1-т.) нормативтік құқықтық құжаттарын, мамандықтардың классификаторын жетілдіру қажеттілігі туралы міндеттер белгіленді.

Осы Ережелер жоғары оқу орындары құрылымдық бөлімшелерінің оқу-әдістемелік құжаттамаларды (ОӘҚ) қабылдау үдерісіне қатысудағы орны мен ролін белгіледі. Осы Ережелердің 13-тармағы 2-тармақшасы бойынша оқу-әдістемелік жұмыс оқу үдерісін іске асыратын және үйлестіретін барлық құрылымдық бөлімшелерде жүзеге асырылады. Оқу-әдістемелік жұмыс бойынша нормативтік құқықтық құжаттар сараптамадан өткізілуі тиіс. Осы Ережелердің 15-тармағы бойынша ұжымдық әдістемелік жұмыстың нысандары – пәндік және циклдық комиссиялар, кафедралар, әдістемелік-нұсқаулық кеңестер, семинарлар, лекториалар мен конференциялар болып саналады. Ережелердің 18-тармағына сәйкес әзірленген оқу-әдістемелік құжаттама құрылымдық бөлімшелердің әдістемелік комиссияларынан, кафедраларынан, әдістемелік кеңестерінен талқылаудан өтеді, одан оң қорытынды алған соң басшымен және, немесе оқу, оқу-әдістемелік жұмыстар бойынша басшының орынбасарымен бекітіледі.

Барлық жоғарыда көрсетілгендер ПОҚ-тың еңбек нормаларын белгілеу саласында құқықтық тәртіпті ұстану және жұмыс берушінің актілеріне кіретін тиісті оқу-әдістемелік құжаттаманы қабылдау қажеттігін көрсетеді.

Бұл мәселеде, заң шығарушы ресми құжаттардың, олардың құқықтық, қаржылық және техникалық әлеуеті көзқарасынан негіздемеленуі тиіс деп белгілейді.

Айта кету керек, 11 жыл бойы, **Европалық аймақта жоғары білімге жататын біліктілікті тану туралы Конвенция** бекітілген уақыттан бастап, Қазақстан Республикасындағы жоғары оқу орындарының профессорлық-оқытушылық құрамы (ПОҚ) өз қызметін оқу-әдістемелік материалды дайындауға кететін жұмысы уақытының шығын нормаларын есепке алмай-ақ үздіксіз эксперимент жағдайында жүзеге асырып жатыр. Енді осы мәселелерді реттейтін уақыт келді.

1. Г. Абдыкалыкова Халықты жұмыспен қамту Стратегиясының жүзеге асырудың іс- шаралары // Заң газеті 19 наурыз 2009 ж.

2. С.А. Дмитрова Проблемы труда и занятости населения - Алматы, 1997., С. 144.

3. Д.У. Рысқалиев. Еңбек қатынастарын реттеуде жұмыс берушелердің актілерінің маңызы//ҚазҰУ Жаршысы, №4, 2007 жыл.

4. С.В.Передерин Об особенностях отдельных процедур в трудовом праве // Правовая реформа в области социального обеспечения Республики Казахстан: перспективы развития: Материалы международного круглого стола.- Алматы: Қазақ университеті, 2004.- 316 с.

In article theoretical problems of employment of the population, realisation of human rights on references and conditions of acceptance of certificates of the employer are considered.

В статье рассматриваются теоретические проблемы занятости населения, реализации прав человека на обращения и условий принятия актов работодателя.

Д.Е. Ахметбеков

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢНАМАСЫ БОЙЫНША БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРДЫҢ ТҮСІНІГІ ЖӘНЕ ТҮРЛЕРІ

Тәуелсіз Қазақстанның экономикасы шаруашылық институттардың, сапалы жаңа механизмдердің пайда болуымен және дамуымен байланысты нарықтық бағытқа көшті. Осы нарықтық қатынастардың негізгі айналымыдарының бірі - бағалы қағаздар болып табылады.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде бұрынғы кодекспен салыстырғанда бағалы қағаздарға азаматтық құқықтың объектісі ретінде арнайы бөлімше қарастырылған. Бағалы қағаздардың түсінігіне тоқталмас бұрын, заң ғылымында осы терминге қатысты көзқарастарға тоқталайық.

Заң әдебиеттерінде бағалы қағаздар теориясының мәселелері бойынша әртүрлі көзқарастар қалыптасқан. “Бағалы қағаз” деген түсінікті ең алғаш рет 1882 жылы профессор Д. Бруннер ұсынған болатын. Ол бағалы қағазды жеке құқық туралы құжат ретінде анықтады [1, 96.]. Бұл анықтамада Д. Бруннер бағалы қағаздардың түрлерінің әртүрлілігін бір түсінікке біріктіретін ерекшелікті атап көрсетті.

Ф. Карагусов бағалы қағаздарды “ондағы көрсетілген қандай да бір құқық бұл құжатсыз жүзеге асырылмайтын, не басқа тұлғаға берілмейтін құжат ретінде” анықтады [2, 76.].

В.Д Мельников пен К.К. Ильясовтың көзқарасы бойынша “Бағалы қағаздар мүліктік құқықтарды және осы құжаттарды шығарған ұйымдар мен олардың иеленушілерінің қарыз қатынастарын куәландыратын ақшалай құжат” [3, 302б.].

Кейбір ғалымдар тобы (Камаев В.Д., Булатов А.С.) бағалы қағаздарды “олардың иеленушілеріне қандай да бір мүлікке меншік құқығын немесе ақша алу мүмкіндігін беретін” қаржылық құжатпен байланыстырады [4, 62б.].

Бірақ “бағалы қағаз” деген терминге әр кезде оның нақты түрін қарастыру кезінде ерекше талқылау, нақтылау қажет. Осылайша, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 129-бабы бағалы қағазды “мүліктік құқықтарды куәландыратын белгілі бір жазбалардың және басқа белгілердің жиынтығы” ретінде бекітеді [5].

Бағалы қағаздардың мұндай анықтамасы жалпы алғанда отандық және шетелдік құқықтың классикалық түсініктеріне сәйкес келеді.

Сол сияқты жаңадан қабылданған “Бағалы қағаздар нарығы туралы” Қазақстан Республикасының заңы да бағалы қағаздарға осындай анықтама береді. Бірақ та, аталған заңдардағы бұл анықтама бағала қағаздардың толық түсінігін бермейді деп ойлаймыз, себебі бұдан бірнеше сұрақтар туындайды. Мысалы, аталған заңның шеңберіндегі қандай “белгілі бір жазбалар” бағалы қағазды мүліктік құқықты куәландыратын жай жазбаша шарттан немесе жай қолхаттан ажыратады және “өзге де белгілер” жалпы нені анықтайды?

Жалпы бағалы қағаздарды басқа да заңи маңызы бар құжаттардан ерекшелендіріп тұратын және азаматтық құқықтың ерекше объектісі ретінде бағалы қағаздар айналымын құқықтық реттеудің негізінде жатқан ерекше сипаттарын атап көрсетуге болады:

1) бағалы қағаз оның иеленушісінің қағазда көрсетілген мүлікті сол қағазда көрсетілген тұлғадан талап ету құқығын куәландырады, ал кейбір жағдайларда заңи сипаттағы өзге де мүмкіндіктерді талап ете алады;

2) бағалы қағазбен куәландырылатын мүліктік құқық міндетті түрде айналым қабілеттілікке ие болуы керек, яғни үшінші тұлғаларға еркін берілуі керек;

3) бағалы қағаз – бұл оның нысаны мен мазмұнына заңмен қатаң талаптар белгіленетін құжат;

4) бағалы қағаз мүліктік құқықты куәландырудың ерекше нысаны болып табылады, егер тараптардың келісімі бойынша құқықтық қатынастың бұл нысаны басқа нысанмен ауыстырылмайтын болса.

Қорыта келе, бағалы қағаздардың азаматтық құқықтық институтын азаматтық құқық объектілерінің бір түрін реттейтін нормалардың жиынтығы ретінде қарастыру керек. Бағалы қағаздардың түсінігін келесі мазмұнда көрсетуге болады: бағалы қағаз – ол оның мазмұнына заңмен белгіленген талаптарға сәйкес құрастырылған және оның иеленушісіне құжатта белгіленген борышқорға қатысты айналым қабілеттілікке ие, субъективтік мүліктік құқықты талап етуге құқығын куәландыратын, үшінші тұлғаға беріле алатын немесе құжаттың түпнұсқасын көрсету арқылы иеленушінің өзімен жүзеге асырылатын құқықты беретін құжат. Бағалы қағаз заңмен белгіленген қажетті шарттарды қамтитын заңи құжат болып табылады және онымен куәландырылатын мүліктік құқық осы қағазда міндетті түрде көрсетілуі тиіс. Бұнымен қатар бағалы қағаздарды мүліктік құқықтың кейбір категорияларын куәландырудың бір тәсілі ретінде қарастыру керек. Бірақ қазіргі бағалы қағаздар нарығында мүліктік құқықтың қағаздай ұстаушысы тұлғалардың реестрінде жай жазбаша нысанда белгіленеді.

Қазақстан Республикасында бағалы қағаздардың келесі түрлері орын алады: акция, облигация және бағалы қағаздар туралы заңға сәйкес басқа да түрлері қарастырылған. Осы бағалы қағаздардың негізгі түрлері акциялар және облигациялар болып табылады.

Жалпы бағалы қағаздардың ондаған түрлері бар. Олар онда бекітілген инвестор мен эмитенттің құқықтары мен міндеттеріне қарай ерекшеленеді.

Барлық бағалы қағаздарды екі топқа бөлуге болады – ақшалай және капиталды бағалы қағаздар.

Ақшалай бағалы қағаздар ақша беру арқылы рәсімделеді – бұл қарыздық бағалы қағаздар. Оларға вексельдер, депозиттік және жинақ сертификаттары және т.б. жатады. Бұл бағалы қағаздар бойынша табыстар бірреттік сипатта болады және номиналды бағасынан төмен бағаға сатып алумен, немесе оларды өтеу барысында пайыз алумен жүзеге асырылады. Ақшалай бағалы қағаздар жалпы ереже бойынша қысқа мерзімді болады.

Капиталды бағалы қағаздар өндірісті дамыту үшін қажетті кәсіпорындардың қорын құру немесе ұлғайту мақсатында шығарылады. Капиталды бағалы қағаздар үлесті және қарызды бағалы қағаздар болып бөлінеді. Үлесті бағалы қағаздарға акциялардың барлық түрлері және инвестициялық сертификаттар жатады. Қарызды бағалы қағаздарға облигацияның барлық түрлері, депозиттік және жинақ сертификаттары жатады.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 139-бабының 1-тармағы акциялардың түсінігін былайша анықтайды: “акционерлік қоғам шығаратын және акционерлік қоғамды басқаруға қатысуға, ол бойынша дивиденд және акционерлік қоғам таратылғаннан жағдайда оның мүлікінің бір бөлігін алуға құқықтарды куәландыратын бағалы қағаз акция деп танылады” [5].

Акционерлік қоғам жай акциялар, не жай және артықшылықты акциялар шығаруға құқылы. Акциялар құжатсыз нысанда шығарылады.

Акционерлік қоғамның ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған коммерциялық емес ұйымдардың артықшылықты акциялар шығаруға құқығы жоқ.

Акцияның әр түрінің өзіндік артықшылықтары мен кемшіліктері болады. Мәлімдеуші акциялар біршама қарапайым және сауда операцияларына өте қолайлы. Мұндай жағдайда компания оларды иеленушілердің аттарын білмейді. Бұл кезде ондай акцияны сату және сатып алу фирманың акционерлері, оның ішінде акционерлік қоғам құралтайшылары үшін көзге көрінбейтін зардаптар мен әр түрлі қолайсыздықтарға әкелуі мүмкін.

Акциялар жай және артықшылығы бар акцияларға бөлінеді. Жай акциялар оны иеленушілерге қарастырылған акционерлік құқық негізінде акционерлік қоғамның табысына сәйкес дивиденд алып отыруға құқық береді. Артықшылығы бар акциялар жай акциялар мен салыстырғанда оның иеленушілер үшін әр түрлі нысанда болатын белгілі бір артықшылықтарды қарастырады. Олардың біріне артықшылығы бар акциялар бойынша кепілденген түрде белгілі бір табыс нормасы, яғни акционерлік қоғамның барлық акцияларына келешек табыс шамасы белгілі болғанға дейін төленеді. Өз кезегінде артықшылығы бар акциялар екі түрге бөлінеді. Біріншісіне, акционерлік қоғамның қызметінің нәтижесіне байланыссыз алдын-ала жоспарлы табыс төленетін тіркелген дивиденд акциялар жатады. Артықшылығы бар акцияның бұл нысанының өзіндік мәні жағынан облигациядан айырмашылығы жоқ. Мұндай акциялар біршама сенімді, сондай-ақ олар дивидендтің өсуіне жол бермейді.

Компаниялар артықшылығы бар акциялар үшін сатып алуды тұрақты бағаға қояды. Бұл жағдайда, олардың бұрынғы иелері биржадағы бағам бойынша акцияларды сату арқылы пайданы бөлуге қатынаса алмайды. Артықшылығы бар акциялар ішінде, яғни тұрақты табысты, басқа да шектеулі мөлшерде қосымша табыс келетін түрі де бар. Жай акцияны өтеуден бұрын артықшылығы бар акциялар иелеріне, олардың номиналдық құнынан жоғары шамадағы сана төленеді немесе олардың нарықтық бағамдары бойынша өтеледі [6]. Сонымен қатар, артықшылығы бар акцияны иеленушілер үшін АҚ жойылуы барысында орын алатын жағымсыз жақтары да бар. Акционерлік қоғамда жай акцияларға бөлуге тиісті заңды түрде құрылған жасырын резервтері болады, оның нәтижесінде жай акциялардың бағамы олардың номиналдық құнынан біршама жоғары мөлшерде өтеледі.

Акциялар өздерінің иеленушілеріне мынадай құқық береді:

- акциялардың акционерлерінің жалпы жиналысында дауыс беру;
- акциялардың табыстарына үлес құқығы;
- акциялардың акционерлерге келесі эмиссия кезінде нақты бір мөлшердегі акцияларды алу артықшылық құқығы;

Жалпы акцияларды былайша топтастыруға болады:

- сала бойынша (өндірістік мекемелердің, банктердің акциялары, көлік мекемелерінің, компаниялардың, сақтандыру компанияларының акциялары);
- ұсыну мүмкіндігі бойынша (ұсынбалы, атаулы);
- құқықтары бойынша (жай, артықшылықты);
- шығару мерзімі бойынша (бірінші шығарылымындағы акциялар және т.б. бұдан кейінгі эмиссиядағы акциялар).

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 136-бабына сәйкес облигация – шығару кезінде айналыс мерзімі алдын ала белгіленген, оны шығару шарттарына сәйкес облигацияны шығарған тұлғадан ол бойынша сыйақы алу және оның айналыс мерзімінің аяқталуы бойынша облигацияның ақшалай немесе өзге де мүлдіктік балама түрдегі нақты құнын алу құқығын куәландыратын бағалы қағаз [5]. Облигация өзінің ұстаушысына облигацияның нақты құнының онда белгіленген пайызын не өзге де мүлдіктік құқық алуына да құқық береді.

Облигациялардың экономикалық жаратылысы келесідей үш ерекшелігінен сипатталады:

- облигация - шаруашылық қызметті несиелеу үшін пайдаланылатын капитал шоғырландыру құралы;
- облигация - онша қымбат емес және оңай қол жеткізуге болатын борыштық құрал;
- облигация - ұзақ мерзімді борыштық міндеттеме.

Шаруашылық жүйесінің дамуы мен қоғамның және шаруашылық міндеттердің біртіндеп қиындай түсуі, ұзақ мерзімді несиеге деген қажеттіліктің маңызын арттыра отырып, әр алуан шаруашылық ұйымдарына шығындарды қаржыландыру үшін және займдарды сату жолымен жүзеге асырылуы акциялар шығаруға қарағанда біршама тиімді.

Облигация өзінің заңды және қаржылық сипаты жағынан алғанда ұзақ мерзімді несие құралы ретінде қызмет етеді.

Оны шығару және сатудағы дербестігі, сондай-ақ, қор биржасы арқылы кеңірек айналысы, облигацияны ұзақ мерзімді несиеге деген қажеттілігі қаңағаттандыру және капитал жинақтаудың тартымды құралдарының біріне айналдырады. Облигацияны сатып алу барысында ақша жұмсайтын инвесторға сақтанудың керегі де шамалы, себебі, оған қаражат керек болған жағдайда, ол облигацияны пайдаланады [7, 1026.].

Мұндай жағдайда оның облигация сату және кепілге беру мүмкіндігі болады. Сөйтіп, облигацияны сатып алуға кеткен капиталды қайтарып алады. Екінші жағынан, инвестордың қаражатқа деген мұқтажы болмаса, яғни оның ісі ойдағыдай болса, онда ол өзінде бар облигация бойынша ұзақ уақыт бойы пайыз түрінде белгілі бір мөлшерде немесе тұрақты табыс алып отыруға кепілдік береді. Осы айтылғандар инфляцияны қатаң бақылауға алған тұста ғана мүмкін болады.

Облигация мынадай басты элементтерден тұрады: облигация деген жазу, облигацияны шығарушы фирманың аты және орналасқан жері, нысаны немесе сатып алушының аты немесе мәлімдеушілігі туралы жазу, номиналдық құны, пайыз мөлшері, егер де ол қарастырылса қайтару және пайыз төлеу уақыты, шығарылған жері және күні, сол сияқты облигацияның сериясы мен нөмірі, элементінің өкілетті тұлғаларының қол қою үлгісі мен құқықтары.

Мақсатты облигациялардың міндетті түрдегі реквизиті - бұл олардың шығарылуын қамтамасыз ететін тауардың көрсетілуі. Облигация арқылы тартылған капитал - акционерлік капитал деп есептелінеді. Облигация шығару - қосымша капитал тартудың бір нысаны. Эмитенттің жалпы шығыны облигацияны шығаруға және оларды орналастыруға жұмсаған жылдық шығынға тең болады. Облигация мерзімдік қарыз міндеттемесі болғандықтан оның кепілі болып эмитенттің жалпы кепілдігі саналады. Ол кепілдік эмитенттің банкротқа ұшырап, өз міндеттемесін орындай алмаған кезінде – корпорация мүлігінің бір бөлігін иемденуге облигация ұстаушының құқығы. Облигация да акция сияқты корпорацияны инвестициялаудың ең маңызды көзі. Дегенмен, бұл екі бағалы қағаздардың бір-бірімен түбегейлі өзгешеліктері бар. Ол өзгешеліктердің маңыздылары төмендегідей сипатталады.

Біріншіден, облигация иемденушісі корпорацияға несие беруші болып табылады. Ал облигация корпорацияны меншіктенушінің бірі. Акция сол меншіктенушінің куәлігі тәрізді.

Екіншіден, облигация иемденушісіне корпорацияға сыйақы (мүдде) төлейді. Оның мөлшері бекітілген және нақты анықталған. Бұл бағалы қағаз өзінде көрсетілген белгілі бір анықталған уақыт аралығында ғана кіріс түсіреді. Облигация бойынша сыйақы басқа өтелетін дивидендтерден бұрын төленеді. Корпорацияның сыйақыны уақытында төлей алмауы оның банкрот деп танылуына теңестірілуі мүмкін.

Акционерлер де дивиденд түрінде төлем алады. Бірақ дивидендтің мөлшері тіркелмейді және ол арнаулы уақытта төленбейді. Егер корпорация дивиденд төлеу туралы хабарламаса, демек төлегісі келмесе, онда акционер корпорацияға қарсы ешқандай шара қолдана алмайды.

Басқа несие беруші сияқты, облигация иесінің дауыс беру құқығы жоқ. Ол акционерлер жиналысына, сонымен қатар, корпорация басқаруға да қатыспайды. Оған керісінше акция иесінің корпорацияның мүліктік мүддесін қорғауда, иеленуші дауыс құқығы бар.

1. Шалгимбаев К.Б., Шалгимбаева Г.Н., Давиденко Н.Б. Казахстанский фондовый рынок: организация, потенциал, императивы роста. - Алматы: Қаржы-Қаражат, 1997.

2. Карагусов Ф. Ценные бумаги и регулирование их обращения в РК. - Алматы: Қаржы-Қаражат, 1995.

3. Мельников В.Д., Ильясов К.К. Финансы. - Алматы: МГП «Берен», 1997.

4. Экономика и бизнес / теория и практика предпринимательства. Под ред. профессора Камаева В.Д. - М.; Издательство МГТУ, 1993.

5. Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексі. – Алматы, 2009.

6. Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғам туралы» 2003 жылғы 13 мамырдағы N 415 Заңы.

7. Азаматтық құқық. I-том./ Жауапты редакторлар М.К. Сулейменов., Ю.Г. Басин. -Алматы, 2003.

8. Қазақстан Республикасының «Бағалы қағаздар рыногы туралы» 2003 жылғы 2 шілдедегі N 461 Заңы.

In given article the author researches institute of value papers. The article opens the concept of value papers by Republic of Kazakhstan legislation reveals. Also the author researches different types of value papers.

В данной статье автор рассматривает институт ценных бумаг. В статье раскрывается понятие ценных бумаг по законодательству Республики Казахстан. Автор также рассматривает виды ценных бумаг.